

**ҚАТЫНАС САЛАСЫ
ЕРТЕ ЖАС ТОБЫНА
АРНАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ
ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ**



Картотека №1

«Күйришақ қонаққа дайындалуда»

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жісінішке, ұзындығы
бірдей деген өлишемдерді салыстыруға жеткізу.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзындығы, жуандығы,
түсі әртүрлі ленталар.

Ойынның мазмұны: Күйришақ қонаққа барады, киімін киуге,
шашына бантік таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп
бантіктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантікті
табу керек. Эдемі бантіктермен күйришақтың шашын әсемдеу.



Картотека №2
Әдемі кілемшелер

Мақсаты: бөліктерден кілемшие жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымышылдыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: қазадан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Ойын барысы: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.



Картотека №3
Вагондарга дөңгелек таңдау

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға,
қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: қазақша салынған вагондар, әртүрлі
геометриялық пішіндер.

Ойынның мазмұны: Балалар вагондарга лайық, дөңгелектерді
әртүрлі пішіндердің ішінен табады.



Картотека №4

Сиқырлы суреттер

Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.

Ойынның күрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері.

Ойын барысы: Балалар алдарындағы улгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды.

Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.



Картотека №5

«Әдемі гүл»

Ойынның мақсаты: *Тұстар туралы ұғымын бекіту, тұстардың атын білуге машиқтандыру, түрлі түсті бояудағы тұстарды сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту*

Ойынның мазмұны: *Топқа гүл тістеген күшіктің кіруімен ғажайып сәт ұйымдастырылады.* Күшік аузына тістеп кірген гүл шоғын терең дем алып иіскейді де, тыныс шыгарған кезде гүлдер шашырап кетеді. «Ой балалар, мына гүлдерім шашылып қалды мой, сендер маган көмектесесіңдер ме?» -деп сұрақ қояды. Ол ушін гүлдердің тұстарін анықтайық. Эрқайсың жерден жинап алған гүлдің түсін атауларын керек. Енді осы тұстарге сәйкес көбелектерді қондырайықшы-деп ұсыныс жасалады

Көрнекілігі: *Түрлі –түсті гүлдер, көбелектер*



Картотека №6
«Сиқырлы қапшық»

Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: *түсі, өлшемі, пішіні* бойынша *әр түрлі ойыншықтар*.

Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.



Картотека №7

Мынау қай пішін?

*Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау
арқылы айта білу.*

*Қажетті құралдар: Картоннан жасалған геометриялық
пішіндер 5-турі.*

*Ойын барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа
ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді
ұстадады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей
атын атайды*



Картотека №8
«Таныс пішіндер доминосы»

Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту,
көп заттың ішінен біреуін таңдаува жаттықтыру

Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру.

Жүргізуши бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған
балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді
атайды. Ойын осылай жалгаса береді

Ойынның көрнекілігі: Пішіндер бейнеленген суреттер



Картотека №9
«Улкен-кіші»

Мақсаты: Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету.

Улкен-кіші, ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып,
зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту

Ойынның мазмұны: Әр түрлі көлемдегі ойыншықтар мен жануарлардың суреттерін атай отырып көлемдерін ажыратады

Көрнекілігі: Ойыншықтар мен жануарлар суреттері



Картотека №10
«Не жоқ?»

Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлауды дамыту, жылдамдықта, байқампаздықта тәрбиелу.

Шарты: ойыншықтарды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аударады. Осыдан кейін балалар көздерін жұмып отырады. Осы кезде педагог ойыншықтардың біреуін алып қояды. Балалар көздерін ашып, қай ойыншықтың жоқ екенін табады.

Керекті құрал-жабдықтар: ойыншықтар



Картотека №11
«Түрлі түсті моншақтарды тізу»

Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету

Ойынның барысы: Қонаққа құырышақ немесе аю келеді, өзімен бірге моншақтарды әкеліп, әдемі моншақ жасауда көмектесулерін сұрайды.

Тәрбиеші екі түсті моншақты қолына ұстай отырып, бірінші қызыл, соңан соң ақ моншақты тіземіз – деп көрсете отырып балалардың орындауларын қадағалаң отырады

Кұрал-жабдықтары: Ақтүсті -8 қызыл түсті -8 моншақтар, диаметри 2 см. Жіптер және қорапшалар



Картотека №12

«Ажырат»

*Ойынның мақсаты: киімдерді ажыратта білуді
үйренеді.*

*Ойынның шарты: қысқы киімді көк, жазғы киімді
сары сөмкеге салу керек.*

Көрнекілігі: қысқы, жазғы киімдердің суреттері.



Картотека №13
«Не үшпайды?»

Мақсаты: үшатын және үшпайтын заттарды ажыратма білу

Ойынның шарты: Суреттен үшатын, үшпайтын заттарды ажыратып, аттарын атапқызу.

Керекті құрал-жабдықтар: ойынишықтар, құстардың суреттері.




Картотека №14

«Қуыршақты жуындыру үшін не керек?»

Ойынның мақсаты: қуыршақты жуындыру үшін қандай заттар керек екенін біледі.

Ойынның шарты: Жуындыру үшін қандай заттар керегін суреттен қарап, артығын алып тастау керек.

Керекті құрал-жабдықтар, көрнекіліктер: жуындыруға қажетті заттар.



Картотека №15

Танып ал да, атын ата

Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.

Ойын барысы: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Орталға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақлақ айтып беруді ұсынады.

